2022-2023 оқу жылына сабақ кестесін құру барысында ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы № 611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары талаптарының сақталуы басты назарда ұсталынып жасалған. Сабақ кестелері ата-аналар комитетімен келісілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарындағы нормалардан аспауы қарастырылған.

Жалпы қорытынды Жалпы 2022-2023жж аралығында оқу-тәрбие үрдісінің жұмыс оқу жоспары мен сабақ кестелері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес әзірленген. Оқу жоспары педагогикалық кеңесте қарастырылып және ата-аналар комитетімен, қамқоршылық кеңестің келісімімен бекітілген. Сабақ кестесін құруда әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары, мектептің материалдық-техникалық базасы мен кадр ресурстары ескеріле отырып, электронды «kyndelik kz»пайдалану арқылы жасалған. Білім алушылардың бір күндік және апта ішіндегі ой еңбегінің жұмысқа қабілеттілігі динамикасы ескерілген. Сабақ кестесіндегі апталық оқу жүктемесі сақталынған. Сабақ кестесінде оқушылар үшін сабақтар арасындағы үзілістің нормативі сақталған.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру

2022-2023 оқу жылының оқу орны жүзеге асыратын бағдарламалар мектептің оқу жоспары базалық оқу жоспары негізінде жасалған және білім берудің әр деңгейінде міндетті болып табылатын білім мазмұнын қажетті көлемде сақталған. Мектеп бес күндік жұмыс аптасында екі ауысымда жұмыс жасаған. Оқу үдерісі білімнің үш деңгейіндегі жалпы білім беру бағдарламаларының деңгейіне сәйкес жүзеге асырылған.

Оқу үрдісін ұйымдастыру оқу жоспарымен және сабақ кестесімен реттелген. Оқушылардың оқу жүктемесінің максималды саны оқу аптасын ескере отырып, рұқсат етілген сағаттардың санына сәйкес. Оқу бағдарламасы инвариантты және вариативті бөліктен тұрады. Инвариантты бөлігі негізгі оқу жоспарына сәйкес жасалаған және мемлекеттік білім беру стандарттарының талаптарын сақтауды қамтамасыз етілген.Инвариантты және вариативтік оқу,таңдауы бойынша,белсенді -қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар,барлық элементтері мемлекеттік бағдарламалармен қамтамасыз етілеген. Оқу жоспарының барлық пәндерінде пән мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды дайындады, ол сабақтардың күндерін, сабақтар тақырыптарын, осы тақырыпты зерттеудің сағаттарының саны белгіленген.

Пәндер бойынша оқу бағдарламасының орындалуына бақылау жүргізілген. Бақылау мақсаты білім беру және оқытуда мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың орындалуын мұғалімнің күнтізбелік – тақырыптық жоспары мен күнделікті сабақ жоспары арқылы тексеріп, электронды «kyndelik kz» журналына түсірілуін, сағат санының сәйкес болуын тексерген. Бақылау барысында тексерілген құжаттар мұғалімнің күнтізбелік-тақырыптық жоспары, күнделікті сабақ жоспары сай жүргізілген.

Мектепішілік бақылау жұмысының жоспарына сай 1-11 сыныптарында негізгі пәндерінің оқытылуы жағдайына негізгі пәндерден бақылау жүргізілген.Бақылау барысында сабақтары талданған, сабақ берудегі жақсы жақтар мен жіберілген кемшіліктер айтылған.

Мұғалімдердің мемлекеттік стандарттың орындалуы бойынша оқу бағдарламасын күнтізбелік, күнделікті сабақ жоспары, kz журналы тексергенде, нормативтен ауытқушылық болмаған.Оқу бағдарламасы нормаға сәйкес орындалған. Тақырыптар жазылған, ұпайлары қойылған, үй тапсырмалары берілген.

Мектепалды даярлық топтарында 2022-2023 оқу жылдарына жасалған перспективалық жоспарда балалардың жас ерекшеліктері ескеріліп,оқу қызметіне дайындау мақсатында ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыптары мектепалды сыныпта тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін педагог мектептегі мектепалды сыныбына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары негізінде оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспарын әзірлейді, апта сайын циклограмма құрады, біліктер мен дағдылардың қалыптасу деңгейін қадағалау үшін оқу жылына арналған баланың жеке даму картасын әзірлеген.

Жұмыс оқу жоспарының инварианттық оқу жүктемесі барлық кластарда нақты сақталған. 2022-2023 оқу жылында 5 - 10 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен, 11-сынып Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылған. - Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада «Бағалау қызметінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2017 жылғы 24 мамырдағы № 599 бұйрығына сәйкес.

Қорытынды: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұны толық игерілген.

Білім алушылардың субъективті жаңа білімді меңгеруі мен таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру.

Білім беру ұйымында тәрбие үдерісін құқықтық, әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен қосымша берілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы

тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы» білім басқармасының 2019 жылғы 19 тамыздағы № 252 бұйрығы, Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарында «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асырудың 2019-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын негізге ала отырып жұмыс жүргізілген.

Тәрбие жұмысының өзекті мәселесі: Бәсекеге қабілетті, өзін-өзі басқара білетін, қарым-қатынас мәдениеті, ақпараттық мәдениеті, зерттей білетін дағдылары, іс-әрекет жасай білу, интеллектуалдық жұмыс істей білу мәдениеті дамыған тұлға тәрбиелеу мақсатында

2022-2023 оқу жылында Мектептің өзін-өзі басқаруы , Дебат қозғалысы , Оқуға құштар мектеп , Отбасы – мектеп, Құқықтық сана – қауымға пана , Дәстүр мен ғұрып , Еңбек – елдің мұраты, Үнем – қоғам қуаты , Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет , Қоғамға қызмет, Музей сабақтары, Театр сабақтары жобасы аясында жұмыстар жүргізілген.

2022 жылы тамыз айында мектеп директоры жанындағы кеңесте «Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру, Құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстарының ұйымдастырылуы

9,11 сынып бітірушілерінің еңбекке орналасуы , Мектептегі қыз балалар тәрбиесін жүйелі ұйымдастыру, «Сымбат» қыздар клубының жылдық жұмысы , Сынып жетекшілер жұмысының ұйымдастырылуы директор жанындағы кеңестерде күн тәртібінде қаралған.

2022-2023 оқу жылында жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықты болдырмау және алдын алу шараларын ұйымдастыру мақсатында Ақтөбе облысының білім беру ұйымдарындағы құқықтық тәрбие мен құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің ережесіне сәйкес, мектеп директорының 05.09.2022 ж бұйрық №61/1 Н/Қ бойынша Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесі құрылған. **Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің отырысында қаралған мәселелер** 2021-2022 оқу жылындағы алдын алу кеңесінің атқарылған жұмыстарының есебі, Құқықбұзушылықтың алдын алу кеңесінің 2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын бекіту, Қолайсыз отбасында тәрбиеленетін білім алушылармен жүргізілетін жұмыс, Мектеп оқушыларының үйірме, секцияларға қатысымы, Құқықтық тәрбие бойынша жұмыс жүргізу, Қыздардың үлгерімі мен тәртібі туралы, Оқушылардың сабаққа қатысымы, Зорлық-зомбылық бойынша сауалнама, Мектептегі қыз балалар мен ұл балалар тәрбиесі жұмысының жүргізілу жағдайы , Өзін – өзі басқару ұйымының жұмысы, Балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу -басты міндет, Зиянды заттардың алдын алу шараларының ұйымдастырылуы , Ерекше назардағы оқушылармен жүргізілген жұмыс қорытындысы.

2022-2023 оқу жылы бойынша сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Барлық сынып жетекші	41	Білімі бойынша		Санаты бойынша		Еңбек өтілі бойынша	
Мектепалды даярлық тобы	3	Жоғары	31	Педагог-зерттеуші	13	1-2 жыл	3
бастауыш сынып жетекшілері	14	Арнаулы орта	10	Педагог-сарапшы	12	3-5 жыл	4
орта және жоғары буын сынып жетекшілері	24			Педагог-модератор екінші санатты Педагог	8 1 7	6-20 жыл 20ж жоғары	16 18

«Сынып жетекшісі – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы» , «Бала тәрбиесінің негізі - бұл оның отбасы » , «Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру оқушыларды тәрбиелеуде маңызды» және оқушылар мен ата-аналардың бірлесе отырып қатысқан шараларын, тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстары туралы әріптестермен ой бөлісу мақсатында сынып жетекшілер бірлестігінің отырысы ай сайын жоспарлы өткізілген.

Тәрбие тұжырымдамасының негізгі 8 бағыты бойынша жүргізілген

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие,құқықтық тәрбие, Рухани-адамгершілік тәрбие Ұлттық тәрбие, Отбасы тәрбиесі, Еңбек,экономикалық және экологоиялық тәрбие ,Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие, Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі, Дене тәрбиесі,салауатты өмір салты.

1)Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты

"Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында білім күніне арналған салтанатты жиынға 1,4,9,10,11 сынып оқушылары қатысқан. Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау мақсатында 2-3 және 5-8 сынып білім алушыларына «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізіліп, мектептің /hssh3m/ инстаграмм парақшасына салынған.

Қыркүйек айында «Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын басшылыққа алып жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында 22 қыркүйек күні Мектеп Парламенті Президентінің сайлауы өткізілген. 13 желтоқсан күні Тәуелсіздік күніне орай «Жас Ұлан» қатарына -**79** білім алушы қабылданған.

1-4 сыныптарда «Тәуелсіз елім – Қазақстан», 5-8 сыныптарда "Тәуелсіздік - теңдесі жоқ байлығым" , "Мемлекеттік рәміздер -ұлт мақтанышы" , 5-11 сыныптар тақырыбында «Заң талабы-заман талабы » тақырыбында сынып сағаттары өткізілген.

Қысқы демалыстың және Жаңа жыл мерекесінің басталуына орай кәмелетке толмағандардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың (заңды өкілінсіз топтасып немесе жекелей жүру балалардың жарақат алуын, бала өмірі мен денсаулығына қауіп туғызатын,өз бетімен ата-аналардың рұқсатынсыз, елді мекеннен тысқары басқа қалаға шығып кетпесін өзен - көлдер жағасын мұз айдындарына бармауын) алдын алу мақсатында Хромтау ауданы ПБ кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы Қ.Т. Мырзагелдин және «Бірлік» еріктілер клубының мүшелері Искаков Нұрасыл, Қуат Мадияр, Нағашыбаев Серік жаңа жыл мерекесін мерекелеу кезіндегі қауіпсіздіктің алдын алу мақсатында, мереке кезінде пиротехникалық бұйымдарды пайдалануға болмайтыны және жаңа жылдық шыршаны безендіру мақсатында ілінетін ток көздеріне қосылатын түрлі түсті шамдарды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтау ескерту мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Сұм соғыстың азабы мен қиыншылығын қайыспай көтерген, халықтың қайсарлығының арқасында "Жеңіс күніне" жеткен батырлардың ерлігін ұрпаққа насихаттау мақсатында "Ұрпаққа ұран болған ұлы Жеңіс" тақырыбында сынып сағаттары өткізілген .

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында "Жемқорлықсыз болашақ" тақырыбында 9 сынып оқушылары эссе, "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында 5-7 сыныптарда сурет көрмесі , "Жемқорлыққа жол жоқ" тақырыбында 5-11сыныптарда тәрбие сағаттары ұйымдастырылған.

15 наурыз Дүниежүзілік тұтынушылардың құқықтарын қорғау күні қарсаңында "Тұтынушылардың құқығын қорғау жөніндегі жаңалықтар" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды шарттарының бірі. Заңды, әлеуметтік пайдасы бар қызметке және қоғамға шынайы көзқарасын қалыптастырып, жас ұрпақты қылмыстық әрекетке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу мақсатында 2022-2023 оқу жылында құқық бұзушылықтың алдын-алу кеңесінің құрамы 05.09.2022ж №61/1 Н/Қ бекітіліп, жылдық жұмыс жоспары жасалып, жоспарға сәйкес жұмыстар жүргізілген. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында жоспарға сай іс-шаралар ұйымдастырылған, мектептің инстаграмм /hssh3m/ парақшасына жарияланып, ата-аналар мен мектеп оқушыларының назарына ұсынылып отырған. Құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында «Бала-басты байлығымыз, ал ең асылымыз оның тәрбиесі» тақырыбында дөңгелек үстел және дебат фракциясының жетекшісі Утегалиева Гулзат, «Өркениет» өзін өзі басқару ұйымының президенті Тлеуханов Бекболат тақырып аясында пікірталас өткізген, аталмыш шараға Хромтау ауданы прокуратурасының прокуроры Елеусізова Аққу Болатбайқызы, ардагер ұстаз Ситекенов Оңдасын, Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері Смагулова А.Т қатысқан.

14-25 қараша аралығында «Құқықбұзушылықтың алдын алу -басты міндет» атты құқықтық онкүндік өткізілген. Құқық пәнінің мұғалімі Казбаева Ш.Қ 9-10 сынып оқушыларына **«Құқықтық сауаттылық-заман талабы»** және **«**Жасөспірім және заң» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырған. 5-11 сыныптарға «Жасөспірім, Құқықбұзушылық. Жауапкершілік» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілген.

4 мамырда сағат 10.00-де 1-11 сынып оқушылары «Еркін ел ұрпағы» тақырыбында диктант жазған.

16.03.2023жылы №3Хромтау орта мектебінде "Білім алушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуда "Ұрпақ тәрбиесі - ұлт тәрбиесі " тақырыбында ата-аналармен

және 9,10,11 класс білім алушыларымен Хромтау аудандық прокоратурасының прокуроры А.Б.Елеусизовамен, Хромтау аудандық білім бөлімінің әдіскері А.Н.Алтынбековамен кездесу ұйымдастырылған . Кездесу барысында құқық бұзушылық-қоғамға зиян келтіретін және заң бойынша жазаланатын қоғамға қарсы әрекет. Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі-балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілген.

Хромтау ауданы ПБ де есепке алынған оқушы саны- 1. Нағашыбай Серік Айкынулы 9 «б» сынып оқушысы 2022 жылдың 10.08 бастап ПБ де есепте тұр. Серік мектептегі «Бірлік» еріктілер клубының мүшесі және «Футбол» үйірмесіне қатысады жаттықтырушы Жумабаев С.М. Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында мектептегі спорттық, шығармашылық үйірмелерге , мектептен тыс білім беру орталығына, музыка мектебіне, Спорттық сауықтыру кешеніндегі түрлі спорттық секцияларға мектеп оқушыларының қатысымы жақсы. Мектеп бойынша барлығы -553 оқушы үйірмеге қатыстырылып, үйірмеге 70% қамтылған.

2022-2023 оқу жылындағы оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік, мектептен тыс үйірмелерге қатысымы:

№	Үйірме атауы	Қатысатын оқушы саны
Мектепішілік үйірмеге қатысатын оқушылар саны - 297		
1	Волейбол	40
2	Тоғызқұмалақ, Асық, Бес асық	60
3	Үстел теннис	20
4	Футбол	20
5	Шахмат	40
6	Баскетбол	20
7	«Сөз маржан» үйірмесі	30
8	Театр үйірмесі	17
9	Дебат	30
10	Ырғақ би	20
	Мектептен тыс спорттық , шығармашылық үйірмелерге қатысатын оқушы саны- 256	
1	Спорттық секциялар	180
2	Музыка мектебі	38
3	Тіл үйірмелері	32
4	Мектептен тыс білім беру орталығы	6
	барлығы -553 оқушы , **70%** қамтылды.	

2)Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша Қазан айының бірінші жұлдызы – Қарттар күні. Қарияларға көмектесу үшін «Қарттарға көмектесейік!» акциясы ұйымдастырылған. Бұл жоспар аясында «Жас Ұлан» ұйымының мүшелерімен ерікті топ мүшелері зейнеткер У.А. Аймаганбетованың ауласын тазалап берген.

«Музей сабақтары» жобасы аясында Қазақ халқының өмір сүру салтын дәріптеу және насихаттау, ұлттық құндылықтарды дарыту, тарихымызды таныту мақсатында 9"ә" сынып оқушылары аудандық тарихи-өлкетану мұражайына экскурссияға барған. Аталмыш шарада, мұражай жетекшісі Лаура Қожахметқызы өлкедегі мұражайға келген оқушыларды мұражайдың әр залындағы құнды жәдігерлердің тарихымен таныстырып, мағлұмат берген.

Оқушылардың үзілісін тиімді және көңілді өткізу ,оқушылардың сыйластығын,қарым-қатынас, ұйымшылдығын арттыру, сабаққа деген көңіл-күйін жақсарту мақсатында Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «Көңілді үзіліс» өткізілген. 1-11 сыныптар аралығында 8 наурыз халықаралық әйелдер күніне орай Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу, сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікке, ізгілікке, достықты қастерлей білуге тәрбиелеу мақсатында тәрбие сағаттары ұйымдастырылған.

3)Ұлттық тәрбие бағыты бойынша 1-наурыз - Алғыс айту күні мерекесінің қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында «Алтын жүрек» челленджі ұйымдастырылған. Челленджді Дөң мектеп-гимназиясынан қабылдап алып, №4 хромтау орта мектебіне жолдаған.

"Сымбат" қыздар клубының жылдық жұмыс жоспарына сай "Қыз инабаттылығымен әдемі, әдептілігімен сәнді" , қыз бала тәрбиесіне қатысты ой қозғау мақсатында барлық сыныптарда сыныптан шаралар, дөңгелек үстел ұйымдастырылған.

Жанұядағы әже мен немере, ана мен бала арасындаға қарым-қатынасты нығайту, мейірімді болуға және ата-ананы құрметтей білуге тәрбиелеу мақсатында "Әже өнегесі" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген.

Мектеп ұжымы, 1-11 сынып оқушылары, ата-аналардың қатысуымен "Нұр себеле, Ұлыстың Ұлы күні, Наурыз!" атты мерекелік ұйымдастырылған шараға аудан әкімі Бекет А.Б, аудан әкімінің орынбасары Қабыл М.Р, аудандық білім бөлімінің басшысы Калниязова Н. С, аудандық кәсіподақ ұйымының басшысы Г. А. Аканова, және ардагер ұстаз Ситекенов Оңдасын және Утебаева Айнагул Жексенбаевна қатысқан. Қазақтың салт-дәстүрінен қойылымдар қойылып, арқан тарту, қой көтеру, асық атудан сайыстар өткізіліп, жеңімпаздарға сыйлықтар берілген.

1-11 сыныптар аралығында "Наурыз тойы - дәстүрлі мереке" тақырыбында ашық тәрбие сағаттары өткізілген.

Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесіне арналған іс- шара жоспары аясында Ұлттық дәстүрімізді, қонақжайлық пен мейірімділікті дәріптеу, айналадағыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлай отырып, ыстық бауырсақ арқылы ыстық ықылас, жылы лебіздерін сезіндіру мақсатында "Бауырсақ пати" ұйымдастырылған. «Қыран» ұлдар клубының жұмыс жоспарына сай ер балалар арасында зиянды әдеттердің алдын алу, спорттық іс-шараларға қатыстыру арқылы салауатты өмір сүру салтын насихаттау, өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім орната отырып, бүгін мен болашаққа деген жауапкершілікті қалыптастыру мақсатында "Қазақ отбасындағы ұл бала тәрбиесінің ерекшеліктері" тақырыбында коучинг және сыныптан тыс шаралар өткізілген.

4)Отбасы тәрбиесі Әке мен бала арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздерін басшылыққа ала отырып, "Әке - отбасының тірегі" атты тренинг өткізген.

Мектеп және ата-ана байланысын жүйелі жолға қойып, ынтымақтастықты нығайту мақсатында 12.04 күні 1-11 сынып ата-аналары үшін "Ашық есік күні" ұйымдастырылған.

Жоспар бойынша ата-аналар сабақтарға қатысып. Сабақ соңында кері байланыс беріліп, ата-аналар өздерінің пікірлері мен ұсыныстарын жазған.

Қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата-ана тәрбиесінің әдіс-тәсілдерін жетілдіре отырып, тиімді қарым -қатынас орнату. Ата-аналардың мектеппен, мұғаліммен тығыз байланысын арттыру, балаларды білімге, мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеудің жолдарын көрсету мақсатында 1-11 сыныптар бойынша "Ата-ана мен бала қарым-қатынасын нығайту" тақырыбында ата - аналар жиналысы өткізілген.

Бала тәрбиесіндегі міндеттер, ата-аналарға кеңестер үлестірме қағаздары таратылып, Ой жинақтау әдісінде "Бала мен ата - ана арасындағы қарым - қатынас қандай болу керек?" сұрағы бойынша кері байланыс жүргізілген.

5)Еңбек, экономикалық және экологоиялық тәрбие бағыты бойынша Күз мезгіліне байланысты күз – байлық, күз – береке, күз-молшылық, күз-шаттық, күз-қуаныш екенін оқушы санасына жеткізу мақсатында «*Сағындырған, Алтын күз!*» атты тәрбие сағаты 1-8 сыныптарда өткізілген.Айнала қоршаған орталықты абаттандыру мен экологиялық тазалықты сақтау, мектеп ауласын қоқыстардан тазарту үшін Өзін-өзі басқару ұйымы мектепішілік сенбілік ұйымдастырған. Оқушыларға экологиялық тәрбие беру, яғни құстарды қорғауға, оларға тиіспеуге, ұя жасап қарсы алуға тәрбиелеу мақсатында «Құстар – біздің досымыз!» акциясы өткізілген.

Мектеп оқушыларына "Электр қауіпсіздігі" туралы баяндама оқылып, ережелерін түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға ең алғашқы кезекте электр тоғынан зардап шегу кезінде қандай алғашқы көмек көрсетілуі керектігі жайында, сонымен қатар электр қауіпсіздігін сақтау шаралары туралы ақпарат берілген. 5-8 сыныптар аралығында "Электр тогы ойыншық емес" тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген.

"Қауіпсіз интернет" тақырыбында тәрбие сағаттары ай сайын өткізілген.

Хромтау ауданының ТЖБ аға инженері азаматтық қорғау аға лейтенанты Ержанов Исатай Әмірғалиұлы "Мұздағы қауіпсіздік ережелері" тақырыбында 8,9,10 сынып оқушыларына түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, жаднамалар таратылған.

4.4. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

2022-2023 оқу жылында «Ұлттық мектеп лигасы» бойынша аудандық асық ату5-6 –кл I орын , 7-8-кл I орын,9-11-кл аудандық III орын .Жетекшісі Жумабаев С.М. Облыстық «Бес асық» қыздар командасы II орын ,ұлдар командасы III орын .Жетекшісі: Жумабаев С.М .Аудандық гандбол сайысы қыздар командасы I орын, аудандық волейбол сайысы I орын,облыстық волейбол сайысы II орын.Жетекшісі Тоқмұрат М.А .

Аудандық «Математика-ғажайып әлем» бастауыш сынып олимпиадасынан 3а-сынып оқушысы Алмасова Нұрай 2-орын ,жетекшісі Ерназарқызы Н, 4ә-сынып оқушысы Кажымукан Алина I орын иеленді.Жетекшісі Сарсенбаева З.Ш

«Ақтөбе –Дарын» орталығының ұйымдастыруымен өткен облыстық ғылыми жоба байқауынан 10а-сынып оқушысы Муратова Жансая 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Жетекшісі Акниязова Г.К

Аудандық «Дарынды жас ғалым» байқауынан 8а-сынып оқушысы Тлекбаева Жанарым I орын иеленіп, облыстан II орын алып келді,жетекшісі Калиева А.С. Тілеужанова Нұрдана 8-кл ауданнан II орын иеленді.Жетекшісі Казбаева Ш.К

Аудандық «Кішкентай білгірлер» сайысынан командалық топ III орын иеленді. Олар Мұстафа Мейірлан, Асылбай Құралай,Жұмабекқызы Данара ,Талдықбаева Айсұлу .

Аудандық «Шежірелі өлкемнің тарландары» мақала байқауынан 7в-сынып оқушысы Рахметолла Ердаулет I орын иеленіп, облыстан III орын алды. Жетекшісі Баймұратова Г.А

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша өткізілген іс-шараларға оқушылар қатысымы жоғары деңгейде." Қош келдің, Жаңа жыл!" атты жаңа жылға арналған мерекелік шара барлық сыныптарға ұйымдастырылған, арнайы сценарий әзірленген.Қазақтың ұлттық аспаптарын, соның ішінде жалпыхалықтық саз құралы ретінде домбыраны, ұлттық музыканы, ұмытыла бастаған игі дәстүрлерді насихаттау мақсатында "Домбыра -party" шарасы өткізілген.

12 сәуір күні Республикалық шахмат челленджге қатысып, білім алушылар арасында ойын ұйымдастырылған.

Тәрбие бағыты бойынша оқушыларды туыстық қарым- қатынас, үлкенді сыйлау, отбасылық сыйластық, ізгілік, мейірімділік, парасаттылыққа тәрбиелеу мақсатында ұйымдастырылған "Ағайындылар жобасы" аясында "Туысы бірдің-уысы бір" атты байқау өткізілген.

БАС ЖҮЛДЕГЕ ие болған-Серік Кәусар, Серіккызы Айзере

1 орын иелері- Жұмабекқызы Данара, Жұмабекқызы Динара, Жұмабекқызы Аделина

2 орын иелері- Аслбекова Жұлдыз, Аслбеков Ерасыл

2 орын иелері- Тілеужанов Ерназар, Тілеужанова Нұрдана

2 орын иелері- Қази Аружан, Қази Аянат

3 орын иелері- Зейін Гүлім,Зейін Лейла

3 орын иелері- Бексары Сезім, Бексары Мирас

3 орын иелері-Қайнар Нұрхат, Қайнар Аяулым

Кеш соңында мектеп директоры Шерхан Табиғатұлы сөз сөйлеп, қатысушыларды марапаттаған.

8 наурыз - халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Сыйынар ем, ана деген тәңірге» атты аналарымызды құттықтау челенджі түсірілген. Көшедегі нәзік жандыларға мектеп парламентінің атынан мерекелік тәттілер ұсынылған.

"Ұстаздар күні" мерекесіне орай мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу, білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында өткізілген Дублер күніне 10 сынып білім алушылары қатысқан.

Мектеп директорының Дублер лауазымына Тлеуханов Бекболат, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары Утегалиева Гулзат, Темирбулат Аяулым , директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Куракова Жулдыз және 11 сынып білім алушысы Бажаканов Альфараби тағайындалған.

"Біз бір халықпыз, бір елміз" атты сурет көрмесі, мектепалды даярлық тобы "Әркашан күн сөнбесін" тақырыбында асфальт үстінде сурет салып, «Ынтымақ-достық кепілі» тақырыбында тәрбие сағаттары, 8 сыныптар аралығында "Ел қуаты бірлікте" тақырыбында дөңгелек үстел

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне арналған «Ер – елінің қорғаны» тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылған.

7)Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Хромтау аудандық дін істері орталығының теолог маманы Бегімбетов Досхан Әлімханұлы түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында, 30 наурыз күні жоғары сынып оқушыларымен

кездесу өткізген. "Хромтау аудандық дін істері орталығы" КММ теолог маманы Мұхамбетәлі Аслан Берікұлымен кездесу ұйымдастырылған. Кездесу тақырыбы: Интернет желісіндегі діни ағымдардың сипаты. Мақсаты: Жасөспірімдер арасында деструктивті діни ағымдардың алдын алу.

22 қараша күні 9-11 сынып оқушыларына «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының психолог маманы А.Н. Қасеновпен кездесу өткізілген. Кездесудің басты мақсаты –жас ұрпақты діни экстремизмнің алдын алу барысында атқарылып жатқан жұмыстардан хабардар ету. Оқушыларға қоғамдағы теріс ағымдар және қандай жолдармен адамдардың қателесетіні жөнінде ақпарат беру. 9-11 сынып оқушыларына кәсіптік бағыт- бағдар беру мақсатында Ақтөбе гуманитарлық-техникалық колледжінен, Алматы логистика және көлік академиясынан, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінен , Ақтөбе гуманитарлық колледжі, Жоғары көпсалалы "Болашақ" колледжінен арнайы мамандар келіп, оқу орнындағы мамандықтар төңірегінде ақпараттар берген.

Болашақ мамандық және оқу бағдарын таңдауда көмектесу, мамандық әлемі және оның ерекшеліктері туралы дүниетанымын кеңейту және кәсіби бағдар беру мақсатында 9 сынып білім алушылары арасында “Мамандық таңдау - басты бағдарымыз” тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілген.

"Абайланыз! Ашық терезе" тақырыбында түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, "Ашық терезе балаға қауіп төндіреді" тақырыбында видеоролик көрсетілген.

1-11 сыныптар аралығында 12- сәуір Ғарышкерлер күніне орай тәрбие сағаттары өткізілген. "Ғарыш әлемінде" атты 5-7 сыныптар арасында Аспан әлемі туралы білімдерін кеңейту,ғарышқа деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында интеллектуалдық ойын өткізілген.

8)Дене тәрбиесі,салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында спорттық үйірмелер нәтижесі

«Жас Ұлан», «Жас Қыран» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының 2022-2023 оқу жылына арналаған жұмыс жоспарына сай қыркүйек айында 3-4 сынып аралығында «Жас Қыран – аламан!» атты эстафеталық спорттық іс-шара өткізілген.

5-6 сынып оқушылар арасында ұлттық мектеп лигасында волейбол жарысынан жүлделі-1орын иеленген.

5-6 сынып оқушылар арасында ұлттық мектеп лигасында гандбол жарысынан жүлделі -1 орын, 5-6 сынып оқушылар арасында аудандық "Ұлттық мектеп лигасында" баскетбол жарысынан жүлделі- 1 орын иеленген. Жетекшісі: Тоқмұрат Мақсат Асқаруұлы

5-6 сынып оқушылар арасында ұлттық мектеп лигасында облыстық кезеңінде волейбол жарысынан жүлделі - 2 орын иеленген. Жетекшісі: Тоқмұрат Мақсат Асқаруұлы. Үздік ойыншы атағына ие болған Нұрғалиева Дина.

5-6 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы асық ату, бес асықтан аудандық кезеңінде қыздар арасында -1 орын, ұлдар арасында- 1 орын. жетекшілері: Жумабаев С.М, Жақсылыққызы Ү

7-8 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы асық ату, бес асықтан аудандық кезеңінде қыздар арасында- 3 орын, ұлдар арасында- 1орын иеленген. жетекшілері: Жумабаев С.М, Жақсылыққызы Ү

5-6 сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасы тоғызқұмалақтан-2-орын жетекшісі Сагиндыков

04 қаңтар күні қысқы демалыс кезінде мұғалімдердің уақытын тиімді өткізу мақсатында "Жүзден жүйрік , мыңнан тұлпар" эстафеталық жарыс ұйымдастырылған, нәтижесінде жүлделі орындарға ие болған командалар: "Бірлік " - Бас жүлде,"Ынтымақ" - 1 орын, "Супер" - 2 орын, "Бастау" - 3 орын.

05 қаңтар күні қысқы демалыс кезінде мұғалімдердің уақытын тиімді өткізу мақсатында мектеп ұжымының қатысуымен спорттық ойын түрі Волейболдан жарыс ұйымдастырылған нәтижесінде жүлделі орындарға ие болған командалар: "Супер "- 1 орын, "Ынтымақ" - 2 орын, "Бастау" - 3 орын.

2-11 сынып оқушыларынан "Теміреткі ауруының алдын алу" тақырыбында диктант алынған.

28 наурыз күні 9-10 класс оқушыларына арнап мектеп медбикесі Утетлеуова Бибигуль Бахитовна және МКК "Облыстық ЖИТС алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі орталығы" ШЖҚ дәрігер эпидемиологы Уразалинова Динара Гайнадиновна "АИТВ-жұқпасының алдын алу" тақырыбында дәріс өткізген.

«Отбасы тәрбиесі- қоғам негізінің бастауы» тақырыбында өткізілген жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысына Хромтау ауданы ПБ ЖПҚБ КТЖ УПИ полиция капитаны Мырзагелдин Қ.Т қатысып, түнгі мезгілде ата-анасыз жүрген , қоғамдық орындарда тәртіп бұзған жағдайда қолданылатын тәртіп шараларын, төленетін айыппұл мөлшерін айтып түсіндірген.

Жалпы білім беретін мектептерде 2022-2023 оқу жылын аяқтау тұжырымдамасын негізге ала отырып, 25-31 мамыр аралықтарында бекітілген кестеге сәйкес 1-11 сыныптарда тақырыптық сынып сағаттары өткізілген. 1-4 сыныптарда «Отан- отбасынан басталады» , «Кітап-сарқылмас бұлақ» , «Татулық-достық кілті» . 5-8 сыныптарда «Отбасы-Отан тірегі» , «Тарихты білу - парызың» , «Ұлы тұлғалар ұмытылмайды», 9-11 сыныптарда «Отбасы- тәрбие бесігі» , «Алаш зиялылары» , «Патриотизм -ұлттық рухтың асқақ белгісі» .

№3 Хромтау орта мектебі педагогикалық кеңесінің 31.05.2023ж №5 шешіміне сәйкес бұйрық № 175 Н/Қ . Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне жаңашылдық енгізу педагогикалық ұжымның шеберлігін жоғарылату, оқушылардың өзін – өзі басқаруда белсенділігін арттыру мақсатында өткізілген «Он маржан» байқауының қорытындысы бойынша үздіктер марапатталған.

Ең үздік жыл класы – 5 «а» класс (Класс жетекшісі Бердалина А.Е)
Ең үздік класс оқушысы – 4 «б» класс Кәрімбай Кәусар
Ең үздік мектеп оқушысы – 9 «ә» класс Амнғос Нұрайым
Ең үздік жыл мұғалімі – Жумабаева Кенжеш Тағыбергеновна
Ең үздік класс жетекшісі – Халыкова Гульфира Умаровна
Ең үздік класс жетекшісі -Мусина Гулжанат Абдисадыковна
Ең үздік спорт сүйер класс – 6 «а» класс (Класс жетекшісі – Казиева М.З)
Ең үздік отбасы – Қайырмағамбетов Б.М отбасы
Ең үздік мектеп демеушісі – Мухамбетжанова Анар Орынбаевна
Ең үздік қосымша білім беру педагогы – Тоқмұрат Мақсат Асқарұлы

Қорытынды: Мектептің тәрбие беру саласындағы жоспарланып жүргізілген іс-шаралар оқушы бойында рухани-адамгершілік,ұлттық дәстүрлерді меңгертуге, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталып жүзеге асырылған.

Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың терендетілген және стандартты деңгейлері);

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш,негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен,2023жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 16- қосымшасына сай 7 -9 сыныптарда негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында оқу пәндерінің комбинациясын таңдау инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынып жүргізілген. 7 сыныптарда «Алгебра», «Физика » ,«География» таңдау пәні,8 сыныпта «География», «Ағылшын тілі », комбинациясы, «Қазақстан тарихы» таңдау пәні , 9 сыныпта «Алгебра», «Физика » ,«География» таңдау пәні таңдау пәні оқытылған.

10-11 класс білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп *жаратылыстану-математикалық бағыт* таңдалып, оқытылған.Білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту терендетілген және стандарттық деңгейлеріндегі оқу пәндерін таңдау еркіндігі арқылы жүзеге асырылған.

10 «а», 10 «ә», 11 кластарында жаратылыстану- математика бағыты бойынша терендетілген деңгей физика /география(10 кл) биология/химия (11 кл) пәндеріне аптасына-3 сағаттан 2 пән, стандарттық деңгейден дүниежүзі тарихы/ құқық негіздері (10 кл),кәсіпкерлік және бизнес негіздері/дүниежүзі тарихы (11 кл) 1 сағаттан 2 пән жүргізілген. Элективті курстар есебінен 10 кластарға «Тапсырмалардағы география»-1 сағат, «Физика пәнінде қиындығы жоғары есептерді шығару»- аптасына 1 сағат оқытылған.

Қорытынды: 7-11 кластарды оқытуда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескерілген, бейінді оқытуды жүзеге асыру мүмкіндіктерін толық пайдалана отырып, білім алушыны нақты мамандануға және оның болашақ кәсіби қажеттіліктері мен болашақта таңдауы

мүмкін мамандығына сәйкес стандартты және тереңдетілген деңгейлердің оқу пәндерін таңдау арқылы оқыту ұйымдастырылған.

Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастыру.

Талдау нәтижесі:

2022-2023 оқу жылында білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру 6а,9в,8в,8г кластарында ұйымдастырылды

«Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына және ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білімді ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды.ПМПК қорытындысына сәйкес оқу жылында 4 оқушы .2022 жылдың 06 қыркүйегінен бастап 8 «в» сынып оқушысы Бисембаева Гулназ Хромтау аудандық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №159/2 06.09.2022ж. негізінде мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған оқытумен қамтамасыз етілді.

Диагнозы:Врожденный вывих головки левого тазобедренного сустава. Деформирующий коксаартроз слева. Укорочение левой нижней конечности на 2,5 см.

Қорытындысы:Инклюзивное обучение по общеобразовательной учебной программе с индивидуальным подходом.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білімді ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды. Аталған білім алушыға жалпы орта білім беру бағдарламасы бойынша денсаулығына байланысты жеңілдетілген бағдарлама даярлау арқылы оқыту жүзеге асырылды.

2022жылдың 07 қыркүйегінен бастап 6 «а» сынып оқушысы Алдамжаров Нұрсәт Жанатұлы Хромтау аудандық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №160/4 07.09.2022ж. негізінде мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған оқытумен қамтамасыз етілді.

Диагнозы:F-83.

Қорытындысы: Обучение по индивидуальному учебному плану с индивидуальным подходом для детей с ЛУО

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға білімді ұйымдастыруда ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген әдістемелік ұсынымы басшылыққа алынды. Аталған білім алушыға жалпы орта білім беру бағдарламасы бойынша денсаулығына байланысты жеңілдетілген бағдарлама даярлау арқылы оқыту жүзеге асырылды.

2022жылдың 02 қыркүйегінен бастап 8 «в» сынып оқушысы Балтабай Заңғар Байниязұлы Хромтау аудандық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №157/5 02.09.2022ж. негізінде мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған оқытумен қамтамасыз етілді.

Диагнозы: Другие уточенные поражения головного мозга.

Қорытындысы: Обучение по общеобразовательной учебной программе по индивидуальному учебному плану

2022жылдың 07 қыркүйегінен бастап 9 «в» сынып оқушысы Тілекбаев Марғұлан Ауезұлы Хромтау аудандық дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы №160/2 07.09.2022ж. негізінде мектепте ерекше білім беруге қажеттілігі бар білім алушыларға арналған оқытумен қамтамасыз етілді.

Диагнозы: Легкая умственная отсталость на уровне выраженной степени дебильности с нарушением поведения. Синдром двигательной расторможенности умеренной степени. ОНР 2 уровня. Сложный тип дефекта.

Қорытындысы: обучение по индивидуальной учебной программе по индивидуальному учебному плану для детей с легкой умственной отсталостью .

Осы балаларды педагогикалық-психологиялық қолдау мақсатында мектепте ППК жұмыс жасады. Жыл басында ППК құрамы бекітіліп, кеңес жоспары және жылдық жұмыс жоспары жасалып отырды. ППК құрамында оқу ісі орынбасары, тәрбие ісі орынбасары, әлеуметтік педагог,

психолог, мектеп медбикесі және осы балалар оқитын сыныптың жетекшілері кірген.Мұғалімдердің тақырыптық- күнтізбелік жоспарлары баланың психофизикалық мүмкіндіктерін, даму ерекшелігін ескере отырып құрылған , мектеп директорымен бекітілген. Күнбе-күнгі сабақ жоспарлары уақытылы бекітіледі. Мұғалімдер сабақтарында жеңілдетілген тапсырмалар береді. Пән мұғалімдері жаңартылған білім мазмұны бағдарламасына сәйкес баланың оқу деңгейін ескере отырып, оқыту бағдарламаларын жеңілдетілген түрде жасап, бекіттірген.

Ерекше білімді қажет ететін білім алушыға білім беруді ұйымдастыру үшін жұмыс оқу жоспары жасалды. Жеке оқу жұмыс жоспары жеке ерекше білімді қажет ететін білім алушының психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық қорытындысы бойынша нормативтік құжаттардың негізінде әзірленген.

Мектепте ерекше қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыратын психологиялық-педагогикалық консилиум құрылған.

Жеке-жеке оқушының психологиялық-педагогикалық картасын оқу жылының басында бір рет және аяғында міндетті түрде толтырып отырады. Мектеп психологы баланың медициналық-психологиялық-педагогикалық зерттеу бағдарламасын құрады, сынып жетекшісі мен пән мұғаліміне көмек ретінде ұсынып отырады. Оқу жылын аяқтау кезінде психо диагностикалық зерттеу нәтижелері бойынша қорытындыны психолог жасайды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім мен тәрбие алуына қажетті оқыту процесі білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылған.

Балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылады. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ - 34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында көрсетілді.

Оқыту қазақ және орыс тілдерінде жүргізілетін 1-11 сыныптарға арналған бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің Үлгілік оқу жоспарлары «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (53-60-Қосымшалар; толықтыру ҚР Білім және ғылым министрінің 26.01.2022 №25 бұйрығымен енгізілген).

Денсаулығына байланысты мектепте ұзақ уақыт сабаққа бара алмайтын балаларды үйде тегін оқыту және ВКК анықтамалары, ата-аналардың өтініштері негізінде үйде оқыту ұйымдастырылды: Үйде оқыту

6 «ә», 9 «ә», 8в класс оқушыларына ұйымдастырылды.

6 «ә» кл оқушысы Хазиз М.

8 «в» кл оқушысы Есентай Ә.

9 «ә» кл оқушысы Изтай А.

Үлгілік оқу жоспарлары (жаңартылған мазмұндағы): үйде оқытуға арналған негізгі орта білім беру деңгейі – 3 (оқыту тілдері бойынша 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 365 бұйрығына 55-қосымша, 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығына 6-қосымша)

Облыстық ПМПК қорытындысы мен Аудандық дәрігерлік кеңес қорытындысы негізінде мектеп директорының бұйрығы шықты.

Жоспарға сәйкес сабақ кестесі құрылды.Үйден оқытылатын оқушыларға сабақтардың кестеге сәйкес жүргізілуі,үйден оқытылатын оқушыларды оқытуда іс қағаздарды жүргізуде талаптардың орындалуы қаралды. Мұғалімдердің тақырыптық – күнтізбелік жоспарлары талапқа сай,бекітілген. Барлық кластардың сабақ кестесі бекітілген. Класс жетекшілер баланың даму динамикасын бақылап арнайы дәптерге жазды. Сабақтар бекітіліп, уақытылы кестеге сай өтілді. Күнбе – күнгі өтілген сабақтарға ата-ананың қолы қойылып отырылды. Әр мұғалім оқушыға папка жинақтаған , керекті іс – құжаттар сол жинақта. Оқушының БЖБ,ТЖБ күнделік .кз ке қойылып отырылды. Мұғалімдердің тақырыптық – күнтізбелік жоспарлары талапқа сай,бекітілген. Ата-аналарымен байланыс дәптерлерінде ата-аналар тарапынан қанағаттанбаушылық жоқ.

Қорытынды: Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың білім мен тәрбие алуына қажетті оқыту процесі білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып ұйымдастырылған.

ҮОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін мен іске асыру.

Талдау:

2022-2023 оқу жылында 1-4- кластардағы оқу жұмыс жоспары бойынша таңдауы бойынша сабақтар үшін

1-4 кластарға- «Көркем жазу», «Қозғалмалы ойындар» 2 кластарға «Математика күнделікті өмірде» «Қозғалмалы ойындар», 3 кластарға «Математика және логика», «Футбол», 4 кластарға «Математика және логика», «Футбол» белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтар алынып, өткізілген.

5-9кластарында 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген бастауыш,негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының (Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі № 412 бұйрығымен,2023жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) 16- қосымшасына сай вариативтік компонент есебінен 7 -9 сыныптарда негізгі орта білім беру деңгейі бойынша білім алушылардың ерте кәсіби бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында оқу пәндерінің комбинациясын таңдау инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынып жүргізілген. 7 сыныптарда «Алгебра», «Физика » ,«География» таңдау пәні,8 сыныпта «География», «Ағылшын тілі », комбинациясы, «Қазақстан тарихы» таңдау пәні , 9 сыныпта «Алгебра», «Физика » ,«География» таңдау пәні таңдау пәні оқытылған.

Вариативтік компоненттің элективтік курстары есебінен 5-8 сыныптарда аптасына 0,5 сағаттан, 9-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Жаһандық құзыреттілік» курсы өткізіледі.Мақсаты: Білім алушыларда жергілікті және жаһандық проблемалардың өзара байланыстылығы мен өзара тәуелділігін, мәдениетаралық өзара іс-қимыл мәселелерін түсінуді, әртүрлі көзқарастар мен дүниетанымдарды түсінуді және бағалауды, бірегей білім мен идеяларды құру дағдыларын қалыптастыру.

5-11 сыныптарда аптасына 1 сағаттан «Дене шынықтыру: спорттық ойындар» білім алушылардың белсенділігін арттыруға (спорт және қозғалмалы ойындар санын кеңейту арқылы) және сауықтыру процесіне бағытталған спорттық ойын түрлері (*волейбол, футбол, баскетбол,асық ату,тоғызқұмалақ*) курсы өткізілген.10-11 класстарда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп *жаратылыстану-математикалық бағыт* таңдалып, оқытылған.Элективті курстар есебінен 10 кластарға «Тапсырмалардағы география»-1 сағат, 11 кластарға «Физика пәнінде қиындығы жоғары есептерді шығару»- аптасына 1 сағат оқытылған

Міндетті оқу пәндерін оқытумен қатар вариативтік компоненттерден таңдалынған элективті курстар, белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға қатысуы нәтижесінде оқушылардың мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық сыныптан тыс байқаулардан, ғылыми жобалар қорғаудан, сонымен бірге қашықтықтан ұйымдастырылған ойын-байқаулар, онлайн форматындағы түрлі пәндік олимпиадаларға қатысудан алған 2022-2023 оқу жылғы марапаттаулары төмендегідей жинақталған.

Аудандық пәндік олимпиадаға 28 оқушы қатысып, 15- жүлделі орынға ие болды

№	Оқушының аты-жөні	кл	Пәні	нәтиже	Мұғалімі
1	Хасен Аяулым	11	Қазақстан тарихы	I орын	Казбаева Ш.К
2	Тлеуханов Бекболат	10	математика	I орын	Қайырмағанбетова Б.М
3	Амангос Мансур	10	физика	II орын	Жалпина Б.Н
4	Жанаберген Аяжан	10	Қазақ тілі	III орын	Имекешева К.М
5	Темірғали Аружан	9	Қазақ тілі	III орын	Имекешева К.М
6	Кеулимжаева Эльмира	11	Орыс тілі	III орын	Казиева М.З
7	Муратова Жансая	10	Орыс тілі	III орын	Акниязова Г.К
8	Орынбасарова Гүлжүзім	9	география	III орын	Иманова Б.Е
9	Барлықұлы Әліби	9	Информатика	III орын	Акмурзаева А.Б
10	Баенова Мадина	11	құқық	III орын	Иманбаева Д.Е

11	Утегалиева Гүлзат	10	биология	III орын	Коптенова Н.М
12	Аманғос Нұрайым	9	химия	III орын	Мусина Г.А
13	Дугаев Ыклас	11	физика	III орын	Жалпина Б.Н
14	Маратов Аян	9	физика	III орын	Бисембаева К.Т
15	Жанибеков Алишер	10	ағылшын	Алғыс хат	Бердалина А.Е

Аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауынан 9 оқушы жүлделі орындарға ие болды.

№	Оқушының аты-жөні	кл	нәтиже	Мұғалімі
1	Орынбасарова Дильназ	7а	II орын	Коптенова Н.М
2	Жақсыбек Сағыныш	6ә	I орын	Таханова Ә.А
3	Нұрланқызы Жаннұр	7а	II орын	Мұханбетжанов Н.М
4	Серикова Айгерім	7б	I орын	Акниязова Г.К
5	Қайырбек Наргиза	5а	III орын	Жаппақова А.Ж
6	Жақсыбек Нұрдаулет	7а	I орын	Мусина Г.А
7	Серикова Айгерім	7б	I орын	Акниязова Г.К
8	Қази Аянат	6а	Мақтау қағазы	Өтетілеу Ф.Қ
9	Аманғос Әлимұхаммед	2а	Алғыс хат	Таханова Ә.А

«Зерде» ғылыми жоба байқауының облыстық кезеңінен Серикова Айгерім мақтау қағазын иеленді.

Аудандық «Жарқын болашақ» олимпиадасына 3 оқушы қатысып, үшеуі де II орын иеленді.

№	Оқушының аты-жөні	кл	нәтиже	Мұғалімі
1	Амангелді Гүлсезім	9б	II орын	Имекешева К.М
2	Аманғос Нұрайым	9ә	II орын	Имекешева К.М
3	Қази Аружан	7ә	II орын	Бітімбай А.С

Аудандық «М.Мақатаев оқуларына» 3 оқушы қатысып, 3 оқушы жүлдеге ие болды.

№	Оқушының аты-жөні	кл	нәтиже	Мұғалімі
1	Тукешова Аружан	8г	III орын	Жумабаева К.Т
2	Алимбаева Ақпейіл	7ә	Алғыс хат	Бітімбай А.С
3	Куракова Жұлдыз	10а	I орын	Жумабаева К.Т

«М.Мақатаев оқуларының» облыстық кезеңіне 10-сынып оқушысы Куракова Жұлдыз қатысып, III орын иеленді.Жетекшісі Жумабаева К.Т

Аудандық «Әбіш оқулары» байқауына 2 оқушы қатысты ,жүлдегер саны-2 ,пайыз-100%.Енсепбай Тимур ауданнан I орын алып, облыстан 3-орын иеленді.

№	Оқушының аты-жөні	кл	бағыты	Нәтиже	Мұғалімі
1	Асылбек Асылай	8г	сурет	II орын	Жумабаева К.Т
2	Енсепбай Тимур	11	Мәнерлеп оқу	I орын	Муханбетжанов Н.М

«Әбіш оқуларының» облыстық кезеңінен Енсепбай Тимур III орын иеленді. Жетекшісі: Муханбетжанов Н.М

Республикалық «Тіл-құндылық» атты Ұлттық құндылықтар академиясы өткізген онлайн байқаудан 4а-сынып оқушысы Леонтьи Асемай III дәрежелі дипломмен марапатталды.Жетекшісі Алмаганбетова Ляззат Мырзатаевна .

Аудандық Н.Блиев атындағы олимпиадаға 2 оқушы қатысып, 1 оқушы III орын алды. Аманғос Нұрайым облыстық кезеңге қатысып, Н.Блиевтың өзі келіп II орын және ақшалай 20 000 тг сыйлық табыстады.Жетекшісі: Искакова Ж.М

Аудандық «Менің кіші Отаным» байқауынан 9-сынып оқушылары Темірғали Аружан мақтау қағазы , Амангелді Гүлсезім II орын иеленді. Жетекшісі Казбаева Ш.К .

Аудандық « Табиғи ресурс» ғылыми жоба байқауынан 10ә-сынып оқушысы Сисекенова Ерке II орын иеленді. Жетекшісі Иманова Б.Е

Аудандық «Менің тәуелсіз Қазақстаным» атты байқаудан Мұрат Бақытнұр I орын иеленіп, облыстан мақтау қағазын алды.Жетекшісі Таханова Ә.А

Аудандық «Ақберен» олимпиадасынан Думан Самал 2-орын, Маннап Нұрдаулет 2- орын, Аманғос Нұрайым III орын иеленді.

Аудандық «Мәшһүр –Жүсіп оқуларын» 1 оқушы қатысып, II орын иеленді. Орынбасарова Гүлжүзім 9б-класс .Жетекшісі Имекешева К.М

7-8 класс бойынша жаратылыстану-математикалық бағыттағы аудандық олимпиада өткізілді.Оған физика, химия, география, информатика ,математика ,биология пәндерінен оқушы қатыстырылды.

Барлығы - 12 оқушы қатысты , жүлдегерлер-10,пайыз -83%.Облыстық олимпиадаға 3 оқушы барып, 1 оқушы II орын иеленді. Орынбасарва Дильназ биология пәні ,мұғалімі Коптенова Н.М

№	Оқушының аты-жөні	кл	пәні	нәтиже	Жетекшісі
1	Алимбаева А	7ә	физика	II орын	Бисембаева К.Т
2	Аманғос Дильназ	8б	физика	III орын	Жалпина Б.Н
3	Искакова Назира	8г	информатика	-	Акмурзаева А.Б
4	Нұрланқызы Жаннұр	7а	информатика	III орын	Акмурзаева А.Б
5	Рахметолла Ердаулет	7в	География	III орын	Иманова Б.Е
6	Қобланов Даулет	8а	География	Алғыс х.	Калиева А.С
7	Умаров Рауан	7а	матем	I орын	Қайырмағанбетова Б.М
8	Оразов Алихан	8б	матем	II орын	Сагимбаева А.Т
9	Орынбасарова Д	7а	биология	I орын	Коптенова Н.М
10	Тукешова Аружан	8г	Биология	III орын	Еспенбетова Д.Е
11	Байгалиева Аяулым	8б	Химия	I орын	Мусина Г.А
12	Шалғынбай Санат	7б	химия	--	Кенжалы Г

Аудандық «Жемқорлықсыз болашақ» олимпиадасы өтті, оған екі оқушы қатысып, біреуі II орын иеленді.Сабитова Лаура 9-сынып оқушысы II орын алып,облысқа жолдама алды, облыстан нәтиже көрсеткен жоқ.

Аудандық «Кемеңгер» олимпиадасына 2 оқушы қатысып, екеуі де жүлделі орынға ие болды. Оразов Алихан ағылшын тілінен 2-орын ,жетекшісі Урунбаева Л.А және Тілекбаева Жанарым қазақ тілінен 1-орын иеленді,жетекшісі Жумабаева К.Т «Абай оқуларының» облыстық кезеңіне 4 оқушы қатысып, Сарбасова Жанель «Абайдың қара сөздерін жаттау» бағыты бойынша мақтау қағазын иеленді.

